



**ҰШҚЫР ОЙ,
ҰТЫМДЫ УӘЖ
АЙТЫЛМАҒАН
ДЕТЕКТИВТІҢ
ҚҰНЫ ТӨМЕН**

2-бет



**БАНДЫНЫ
ҚҰҒАН
ХАМИТ**

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№67 (3598) 8 қыркүйек 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



**«БОЛАШАҚҚА
СЕНІМ АДАЛ
ҚОҒАМҒА
ЖОЛ АШАДЫ»**

– Марат Рақымбердіұлы, Президент біраз жылдардан бері өңірлерді дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру мәселесін көтеріп жүр. Кешегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауы да елдің еңсесін көтеру, мемлекет қуатын арттыру мәселелерін алға шығарды. Панфилов ауданы Ұлы Жібек Жолы бойындағы атқарылып жатқан бүкіл шаруашылықтың, экономикалық ауқымды істердің құретамыры іспетті. Мемлекет басшысының жолдауындағы мәселелердің аудан халқының бүгінгі ахуалы мен тыныс-тіршілігімен тікелей сабақтастығын қалай таратар едіңіз?

– Сұрағыңыз өте орынды, ел басшысы әр тапсырмасында экономиканы дамыту, әлеуметтік жағдайды көтеру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсарту, балаларға қамқорлық жасау, тұрғындардың денсаулығын нығайту туралы тапсырмаларын міндеттейді.

Соңғы жылдары шағын және орта бизнестің дамуына баса назар аударылып, жеке кәсіп ашатын азаматтарға қолдау көрсетудің нәтижесінде бұл сала тұрақты түрде дамыды. Біздің ауданда қазіргі уақытқа өз істерін ашып, жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12 мыңнан асып, олар 18,5 мың адамды жұмыспен қамтып отыр.

Аудан аумағында «Қорғас-Шығыс қақпасы» Арнайы экономикалық аймақ және «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы орналасқанын білесіз. Осы екі аймақта инвесторлар тіркеліп, өндіріс орындарын, логистикалық қызмет көрсету және сауда саласы нысандарын ашумен айналысып жатыр. Биылғы жылы жалпы сомасы 6,8 млрд теңгені құрайтын 9 жоба жүзеге асырылып, 137 жұмыс орны ашылады. Осындай жобаларды жүзеге асыру аудан экономикасының дамуына зор үлесін қосады және аудан халқының әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізеді. Өздеріңіз білетіндей, көктем айында Мемлекет басшысының Қытай елімен жасаған сапары аясында үлкен келісімдерге қол жеткізілді. Осы келісім аясында біздің ауданда Қытай елінің инвестор, делегацияларымен бірқатар кездесулер өткіздік. Нәтижесінде ауданға инвестиция тарту, ауылшаруашылық саласын жандандыру, өңірге зауыт салу сынды бірқатар жобалар пысықталып, өзара меморандумға қол қойдық.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТСТАВКАДАҒЫ СУДЬЯЛАР ҚҰРМЕТ ПЕН МӘРТЕБЕГЕ ЛАЙЫҚ



Сот билігі – заманауи мемлекет моделіндегі бір-бірінен тәуелсіз, бірін-бірі тепе-теңдікте ұстайтын «үш алыптың» бірі. Сәйкесінше, бұл сала өзін биліктің тәуелсіз тармағы ретінде көрсеткен. Осы сот тәуелсіздігі құқықтық мемлекеттің тиімді жұмыс істеуінің негізгі кепілі болып табылады.

Жалпы, судьяларға адам құқықтарын қорғау және сот төрелігін жүзеге асыру ісінде үлкен ауырталдық жүктелген. Қазыларға істі заңды түрде дұрыс бағалау және түпкілікті шешім қабылдау оңайға түспейді. Бұл ретте судьялардың тәуелсіздігі заңдылықтың белгісі, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың негізгі десек қателеспейміз. Халықаралық қағидалардың өзі мемлекеттік және өзге де құрылымдарды сот билігінің тәуелсіздігіне бас иіп, құрметтеуге міндеттейді.

ТӨРЕЛІК

ЮВЕНАЛДЫ СОТТАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢЕЙДІ

Мамандандырылған соттардың тәжірибеге енгізілгеніне де жиырма жыл өтті. 2001 жылы мамандандырылған экономикалық соттарды құрумен басталған бұл жаңашылдық, артынша мамандандырылған әкімшілік, қылмыстық, ювеналдық, тергеу соттарының жұмысын жолға қоюмен жалғасқан еді. Мамандандырылған соттарды құрған кезде де түрлі сын, күдік айтылған. Алайда, осы жиырма жылдық нәтижелі жұмыс – мамандандырылған соттарды құрудың дұрыстығын, тиімділігін толық дәлелдеп берді. Осы игілікті жұмыстың жалғасы ретінде отбасылық соттарды құру идеясының ортаға тасталғанына да біраз болған. Соған орай, Жоғарғы Сотта «Отбасылық сот» пилоттық жобасы қолға алынып, бірқатар соттарда сынақ ретінде жүзеге асқаны да есімізде. Енді, міне, отбасылық сот шеңберінде шешілуі тиіс даулар кәмілетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттардың соттылығына берілмек.

Бұл жаңашылдықтың заңдық тәртібі Азаматтық процестік кодекстің 27-бабы, 3-бөлімінде дәйектелген. Осы құжатты басшылыққа ала отырып, енді Кәмілетке тол-

мағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар кәмілетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу құзыретіне ие болды.

Бұған дейін араларында ортақ баласы, ортақ мүлікке байланысты дауы жоқ ерлі-зайыптылардың некесін Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде бұзуға мүмкіндік бар еді. Кейіннен тіпті, ортақ баласы мен мүлкі жоқ жұптар арасын Халыққа қызмет көрсету орталығына жолдап, некені еш қиындықсыз бұзуға қолжеткізді. Ал ортақ мүлкі мен ортақ баласы барлардың арызы аудандық соттарда, азаматтық істерді қарайтын соттарда қаралатын. АПК-ге енгізілген өзгеріске орай, кәмілетке толмаған баласы бар жұптардың ажырасу бойынша берген арызы енді мамандандырылған ауданаралық кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі соттарда қаралады. Кәмілетке толмаған баласы бар жұптардың ортақ мүлікке қатысты даулары да енді ювеналдық соттардың соттылығына жатады.

Бұдан бөлек, баланың тұрғылықты жерін айқындау, ата-анасының, жақын туыстарының

олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындау; заңның негізінсіз басқа адамдардың қолындағы баланы алып қою; ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру (шектеулерді жою) туралы арыздар да ювеналдық соттарда қаралады. Сондай-ақ, бала асырап алу және оның күшін жою; бала асырап алуды жарамсыз деп тану істері де ювеналды сот судьяларының қарауына ұсынылады. Бұған қоса, кәмілетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу; кәмілетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан (патронаттан) туындайтын даулар; әкесін анықтау және алимент өндіру; он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмілетке толмаған адамның өз кірісіне өз бетінше иелік ету құқықтарын шектеу немесе олардан айыру туралы арыздар бойынша; кәмілетке толмаған адамды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация); алименттердің мөлшерін өзгерту, кәмілетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеуден, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату; кәмілетке толмағандардың еңбек, мұрагерлік, тұрғын үй құқықтарын қорғау істері де ювеналдық соттардың құзырында.

(Соңы 2-бетте)

ЮВЕНАЛДЫ СОТТАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасына заңсыз алып келген немесе Қазақстан Республикасында ұсталып отырған баланы кері қайтару туралы немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде осындай балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы; кемелетке толмағандар және кемелетке толғандар бірлесіп, оның ішінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі кемелетке толғандардың қатысуымен келтірілген зиянды өтеу туралы азаматтық істерді де қарап, шешу ювеналдық соттарға жүктеліп отыр.

Бұл жерде мынаны ескеру керек. Біздің

елімізде кемелетке толмағандар ісі жөніндегі соттар елорда мен облыс орталықтарында құрылған. Аудандарда ювеналды соттар жоқ. Сондықтан, өзі тұратын аумақта ювеналды сот бар тұрғындар отбасы, неке, кемелетке толмағандар ісіне байланысты арыз-шағымдарын ювеналды соттарға жолдаса, ал мамандандырылған соттар құрылмаған аймақ тұрғындары отбасылық, жасөспірімдерге қатысты арыз-шағымдарын аудандық соттарға бағыттайды. Жалпы, мұндай жаңашылдық азаматтарды әуре-сарсаңнан құтқару, отбасына қатысты дауларды бір сотта шешу мақсатында тәжірибеге енгізілгені ұмытпауымыз керек. Айталық бұрын, ерлі-зайыптылар некені

бұзуға қатысты азаматтық соттарға арызданса, алимент тағайындау, баланың тұрғылықты жерін анықтау бойынша шағымдарын ювеналдық сотқа жолдайтын. Мүлікті бөлу мәселесін азаматтық соттар шешетін. Ал жаңа енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді мұндай істердің бәрі кемелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған соттардың құзырына беріліп отыр. Осындай іргелі істі қолға алған Жоғарғы Сот бүгінде ювеналдық соттарды білікті судьялармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстарды қолға алуда.

Әрине, жаңашылдықтың енгізілгені дұрыс. Отбасының игілігіне, бала құқығын барынша сақтауға бағытталған жобаның маңыздылығы күмән тудырмайды. Дегенмен, бұл жерде ескеретін бірнеше мәселе бар. Оның **біріншісі**, ювеналдық соттарға отбасы құндылығын түсінетін, бала психологиясынан хабары бар, тәжірибелі судьялардың таңдалғаны жөн. **Екіншіден**, жаңа өзгеріске сай, ювеналдық соттардың соттылығы өте кең. Сондықтан, судьялар санын жүктемеге орай көбейткен артық болмайды. **Үшіншіден**, некені бұзуға, отбасындағы балалар құқығына қатысты даулар қаралатындықтан, сот ғимаратында

психологтар мен тәжірибелі педагогтардың тұрақты жұмыс істеуіне көңіл бөлген дұрыс. Жалпы, ажырасқан ерлі-зайыптыларға да, балаларға да психологтың көмегі, кеңесі ауадай қажет. Осы ретте денсаулық сақтау басқармаларымен, психологтар орталығымен ортақ мәміле жасап, психологтардың тегін желілерін жолға қою кезек күттірмейді. **Төртіншіден**, ювеналды соттар жоқ өңірлердегі сот төрелігінің қолжетімділігі де көп күмән тудырады. Әрине, мұндай мамандандырылған соты жоқ аймақ тұрғындарының аудандық сотқа жүгінуіне кедергі болмайтыны түсінікті. Дегенмен, өз ісін мамандандырылған соттағы судьялардың қарағанын қалайтын азаматтарға шектеу жасалмағаны абзал. Ол үшін сот отырысына қолжетімділікті әлі де арттырған жөн. Өйткені, үлкен қалалар болмаса, өңірлердегі ғаламтор жылдамдығы өте төмен. Онлайн сот процесстері әлі күнге техникалық жағынан сапалы емес. Офлайн режиміне қатысу аймақ тұрғындарының қалтасына үлкен салмақ салары талассыз. Сондықтан, алдағы уақытта сот тарапынан осы мәселелер ескерілсе деген тілегіміз бар.

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

ҰШҚЫР ОЙ, ҰТЫМДЫ УӘЖ АЙТЫЛМАҒАН ДЕТЕКТИВТІҢ ҚҰНЫ ТӨМЕН

Детектив – көркем әдебиеттің ең күрделі, ең тартымды әрі ең оқылымды жанры. Жас жеткіншектердің қаламын ұштауда, білімін шыңдауда, ой-санасын дамытуда бұл жанрда жазылған туындылардың орны бөлек. Жұмбағы көп шытырман шығармалар балалардың әдебиетке деген қызығушылығын тек арттырып қоймай, сонымен бірге ізденуіне, жаңа дүниені зерттеуіне, шыңдық пен өтіріктің ара жігін ажыратуына, өз бетінше түйінді тарқатуына көмектеседі.

Біз үнемі мысал ететін Кемел Тоқаевтың детектив шығармаларында осындай құпияға толы дерек пен мәлімет көп. Содан болар, жазушының әр шығармасын оқығанда тіліңіз көркемдігіне ғана емес, кейіпкерлердің дәл суреттелгеніне, қылмысты ашудағы маңызды детальдарға, қылмыскер психологиясына қатысты талай соны мәліметтерге қанығасың.

Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрдың соңғы жылдары жандана бастағаны рас. Бірақ, осы шығармалардан кейде ізденісті, тапқырлықты көре алмай қарны ашады. Тілінің шұрайы аз, оқиғаның қалай аяқталары алғашқы абзацтан-ақ аңғарылатын шығармаларды оқығанда Тоқаевтың шеберлігіне тәнті боласың, детективке деген қызығушылықты оятқан жазушының ізденісін бас иесің.

Мысалы, Кемел Тоқаевтың көпшілік білетін «Қастандық» повесінде із кесуші Майлыбаев өз зерттеуінде: «Мұнда өртенген кісінің күлі мен жанған үйдің күлі арасында айырмашылық бары айтылған. Өлік өте жоғары температурамен өртенген, күлі майда. Ал үйге тиген жалын ондай өткір емес, ағаштар көмірленіп қана күйген» деген сөзі бар. Осы сөздің өзі тергеушінің сарапшы пікірімен шектеліп қалмай, өз бетінше ой қорытатынын, әр нәрсеге күмәнмен қарап, мәселені зерделей білетінін көрсетеді. Мұндай әдісті жазушы басты кейіпкерін текке мақтамай, сөзі, әрекеті арқылы оқырманға жақсы қырынан таныту үшін пайдаланған. Әрі осындай жұмбақ шешімдер арқылы оқырманды оқиғаның бел ортасына апарып, ой салғанын байқаймыз.

Ал енді бүгінгі детективтерге оралайық. Мысалы республикалық «Заң газетінде» Айгүл Бәйтібейқызының «Қанға малынған неке жүзігі» деген детектив шығармасы (3.10.2022) жарияланған. Шығарма әп-әдемі басталған. Әйелдің мәйіті, ешбір дерек қалдырмаған қылмыскер, жабылған іс. Артынша бөлімге жаңа тергеуші келеді де, әлдеқашан жабылып қалған бұл істі өз бетінше қарап, қылмыскерді іздеп көрмек болады. Енді жазушыны сөйлетейік. «Түс қайта ол мүрде табылған жерге барды. Марқұмды көмген жерге келіп, төңіректі барлай бастады. Сол маңдағы шөп-шаламның арасынан үш түрлі түйме тапты. Бірі қоңыр түсті, сірә, марқұмның киімінен түскен болуы мүмкін, ал екеуі өзгеше. Тұрар орман ішін аралап жүріп,



Мақпал МӘЛІКҚЫЗЫ, Медеу ауданы №172 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

тал бұтағына ілінген арқанды тапты. Қан жұғыпты. «Бұл марқұмның қаны шығар» деді Тұрар іштей. Қолына түскен «олжаларға» жасаған сараптама қорытындысы да мұның күдігін құптап түсті. Арқанға жұққан қан марқұмның мойнынан аққан екен». Былай қарасаңыз, бәрі ретімен сияқты. Бірақ, көзіқарақты оқырман мұнда бірталай ой қайшылығы барын байқар еді. Біріншіден, сонша уақыттан кейін тергеуші түймені, арқанды тапқанда, алғаш рет оқиға орнына барған жедел топ не қараған? Криминалист, тергеуші, жедел уәкілдер жас тергеуші бара сап тапқан дәлелдерді қалайша назарынан тыс қалдырған? Бұл бір тергеушінің мықты етіп көрсетемін деп, бүкіл құқық қорғау қызметін, із кесушілер еңбегін жоққа шығару болмай ма? Екіншіден, тергеуші қалай көзі жетпей тұрып қоңыр түймені жәбірленушінікі, қалған екі түймені күдіктінікі деген қорытынды жасайды? Үшіншіден, жедел топ таба алмаған арқанның бұтаққа ілініп тұрғаны, оны жас тергеушінің бірден тауып алғаны қалай? Ең қызығы, сараптама қорытындысы. Жалпы, сараптама – кез келген қылмыстық іске сәңілау түсіретін, қылмыскердің кінәсін мойнына қойып беретін, талассыз дерек. Ал автор сол сараптамада: «Арқанға жұққан қан жәбірленушінің мойнынан аққан» деп көрсетеді. Қандай қисын, қандай негізсіз дерек бұл. Адам денесіндегі қанның құрамы бірдей болатыны белгілі. Ешбір сарапшының қан қолдан, бастан, іштен аққан деуі мүмкін емес. Осының өзі автордың мүлде ізденбегенін көрсетпей ме?

Мұндай әбестіктерді көргенде Кемел Тоқаевтың шеберлігіне тәнті болмасқа әддің жоқ. Мысалы, қазақ детективінің королі атанған жазушы «Сарғабанда болған оқиға» деген повесінде тергеуші Нұржанның пайымын «Қызыл күрең сақалы бар, еңгезердей толық кісі. Мен оған тіпті назар аудармас едім. Ондай адамдар кездесіп жүр ғой. Ал мынау протез аяқпен әрі балдақпен жүруге мүлде

дағдыланбаған. Рысбектей шапшаң емес, жүріс-тұрысы тым сылбырлау көрінеді. Соғыстың біткеніне талай жылдар өтті. Мүгедектердің протезге үйренгені сонша, кейде аяғы жоқтығын аңғармай қаласың. Әуелде ол қолдан жасалған күпшек ағаш аяқпен жүрген бе деп ойладым» деп бейнелейді. Жазушы осылай күдіктіні суреттеу арқылы тергеушінің қабілет-қарымын көрсетуге тырысады. Өйткені, жоғарыдағы шығармада қылмыс жасаған адамның бірі күпшек аяқты болған. Тергеуші балдақпен дұрыс жүре алмаған адамға күдіктену арқылы, әр детальға ыждағаттылықпен қарайтынын аңғартып отыр.

Ал енді бүгінгі детективке оралайық. «Заң газетінде» (18.09.2020) Зүбайра Тілегенқызының «Көмілмей қалған саусақ» деген шытырман шығармасы жарияланды. Кейіпкерін «Қылмыскердің көз жасына сенбейтін, талай қылмысты жедел ашқан» деп суреттеген автор, сол мақтаулы із кесушіге мынадай қисынсыз әрекет жасатады. «Олай болса әйеліңіздің киімдерін көрсетіңіз. Біртіндеп, рет-ретімен, әуелі қысқы сырт киімінен бастап шығарыңыз. Ал, сіз бірін қалдырмай жазып отырыңыз» – деп, жанындағы көмекшісіне бұйырды. Сырт киім, жазғы-қысқы, бас киімін қарап шықты. Енді, әйеліңіздің іш киімдерін көрсетіңіз дегенде, оның іш киімдерін қайдан білейін қайда

тынын байқаған көршісі тергеушіге хабар беріп, қылмыстың ашылуына мұрындық болады. Тағы бір сорақысы, жертөлге келіп, тінту жүргізген із кесушілер түп жақта шошайып тұрған саусақты байқайды. Күдікті әйелін өлтіріп, көмгеннен кейін не себепті саусағын сыртқа қалдырып кеткен? Бір жылда еті ағып, қу сүйегі ғана қалған әйелдің саусағы неге сол қалпы шірімей тұрған? Сонда топырақтың астындағы дене бұзылады да, бетіндегі саусаққа ештеңе болмай ма? Осының өзі автордың адам ағзасын толық зерттемегенін, шығармаға мүлде дайындықсыз келгенін аңғартады.

Ал Кемел Тоқаев шығарма желісін кейіпкерлерінің ойлы әрекетімен, ұтымды пікірімен, тапқыр шешімімен өрнектей білген. «Сарғабанда болған оқиғада» екі іс кесушінің Рахымның өліміне түрткі болған затты іздеп ең даланы кезетіні бар ғой. Қуыс-қуыс, жаңа қазылған індерді қазып шаршаған тұста Нұржан капитан Майлыбаевқа: «Сіз Рахымның қылмыстылардан жасырғаны алтын, немесе гауһар тас, әйтеуір қымбат дүние дедіңіз. Егер мен сондай көз қимайтын асыл затты тауып алсам және оны жасырғым келсе, жерге көмбес ем. Ағаш бұтағының арасына жасырды дейтін мұнда қалың орман жоқ. Сонда ол қайда тығуы мүмкін? Әрине, өзінің бойы жететін бір жерге жасырады. Тауып алған адам ат үстінде жүрсе, сөз жоқ ол

Жазуы тәп-тәуір автордың тіл байлығында, сөз саптауында мін жоқ. Тақырыпты да тауып қойған. Дегенмен, қолға түскен азамат өз кінәсін мойындап тұрса да тергеушінің көкейінде күмән бар. Ол күдіктінің «мен кеткенде етбетінен құлап жатты» деген сөзінен секемеденеді. Өйткені, өлімді хабарлаған күзетші де, оқиға орнына жеткен із кесушілер де жәбірленуші оң қырымен жатқан деп айтқан. Осы тұста тергеушінің жаралы азамат жаны қиналғанда қозғалуы мүмкін-ау деп ойламайтыны қызық. Жарайды, тергеушінің әр детальға сын көзбен қарағаны жөн дейік. Ал мына тіркес тіпті қисынсыз. «Сондай-ақ мен оған дейін мәйіттің мойнындағы соққының ізі айғақ зат ретінде алынған оқтаудан жуандау зат екенін және ағаш емес, темір болуы мүмкін екенін топшылағанмын. Екінші, күдікті өзінің ізін жасыру үшін алдыңғы соққының үстінен дәлдеп ұрған болса керек. Күдігім расқа айналатын түрі бар, – деді Ықылас Мырза» деді шығармада. Енді осы тұста біз құрғақ сөзге емес, адам ағзасының биологиялық ерекшелігіне сүйенуіміз керек. Өйткені, адам денесіне тиген соққының ауыр не жеңіл екенін, сол соққыны салған құралдың жуан не жіңішке екенін бірден байқау мүмкін емес. Із кесушілердің оқиға орнына жедел жеткенін ескерсек, жай көзбен мынандай қорытынды жасаудың қате екенін ұғына түсеміз. Бұл жерде соңғы сөзді әрине тек сарапшы айтуы керек еді. Тергеуші басында қылмыс құралы оқтау деп тіркеп, кейіннен сараптамадағы «өлім мойнына тиген ауыр заттан болған. Терідегі ұсақ молекулалардағы дақтың темір екенін көрсетеді. Сондықтан, соққы ауыр темір затпен жасалған» деген қорытындыға сүйеніп күдіктенсе, бұл әрекеті сенімдірек болар еді. Ал енді оқтаудың үстінен дәлдеп темірмен ұрған деу тіпті ойға сыймайды. Оның үстіне, бірінші қылмыскер шыға сала жәбірленушінің жанына келген екінші қылмыскердің оқтаудан болған соққының орнын дәл табуы мүмкін де емес. Өйткені, соққыдан кейін көгеру, ісіну белгілері бірден байқалмайды. Ол үшін біраз уақыт керек.

Міне, кейінгі кезде жарыққа шыққан детектив шығармалардың дені осындай. Әрине, арасында сүйсінетін, Кемел Тоқаев жолын жалғайтын мықты қаламгерлердің бар екенін дәлелдейтін шығармалар да аз емес. Дегенмен, көпшілігінде ой мен сөз қиспайтынын, шынайы өмір мен шығармадағы көріністің үйлеспейтінін жиі байқаймыз. Соған орай, өзіміз көрген, оқыған шығармалардағы кемшіліктерді айтып, жазып тұрған орындамыз. Бұл алдағы уақытта бір қаламгер жіберген кемшілікті екінші қаламгердің қайталамауына жол ашады. Оқырман сыны жазушыларды шындейтінін ұмытпауымыз керек.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



екенін деп қысылып жауап берді Ербол». Тергеуші әрекетінің қисынсыз болатыны мынада. Жалпы, ер адамдар әйелінің іш киімі тұрмақ, жазғы, қысқы сырт киімінің қандай екеніне көңіл бөле бермейді. Көпшілігі тіпті, өзінде қандай киім бар екенін білмеуі мүмкін. Әйелі не берсе, соны үстіне іле салып жүретін азаматтар жетерлік. Ендеше, әккі тергеушінің киім арқылы күдіктіні сөйлетемін деуі әбестік. Ал киімі үйде жоқ болды делік, бұл адам қылмыс жасады дегенді білдірмейді ғой. Ең қызығы, осы шығармада бүкіл қаланы қызықтырған, барлық құзырлы органдар жұмыла іздеген актрисаның денесі өз үйінің жертөлесінен тек бір жылдан кейін ғана табылады. Онда да жоғалған әйелдің күйеуі күнде жертөлге барып, ұзақ отыра-

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТСТАВКАДАҒЫ СУДЬЯЛАР ҚҰРМЕТ ПЕН МӘРТЕБЕГЕ ЛАЙЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Қ.Тоқаев басты міндет ретінде адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етуді, ал екінші маңызды басымдық ретінде сот жүйесінің тәуелсіздігін атап өтті. Мемлекет басшысы көрсеткендей, бұл – әділетті сот төрелігі мен азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттырудың міндетті шарты. Сот шынайы тәуелсіз және өз ұстанымымен әрекет ететін орган болғанда ғана нағыз демократиялық, тәуелсіз сот төрелігін, заң үстемдігін қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ, адам құқықтары мен бостандықтарын нақты қорғаудың құралына айнала алады. Құқықтық мемлекеттегі сот билігінің құқықтық сипаты дербестік және шынайы тәуелсіздік сияқты маңызды принциптерге бағынуымен айқындалады. Соттың осындай тәуелсіздік қағида-ты халықаралық құқықтық құжаттарда нақты бекітілген.

Жасыратыны жоқ, өздерінің кәсіби қызметін атқару барысында судьяларға артылар жауаптылық пен жүктеме өте көп. Шетелдік зерттеулер судьялар жүктемесінің өсуі мен еңбек өнімділігінің тәуелділігін көрсетеді. Поляк зерттеушілері үлкен жүктемемен жұмыс істегенде судьялардың жиі қате жіберетінін анықтады. Ал Оксфордта шамадан тыс жүктемесі бар судьялар көп шешімді түйсігіне сүйене отырып қабылдауға бейім деп есептейді. Жоғары экономика мектебіндегі судьялардың жүктемесі туралы дайындалған бағдарламада көрсетілгендей, ресейлік судья айына орта есеппен 180 іс пен материалды қарайды, ал судьялардың 62%-ы екі есе артық жұмыс істейді. Сарапшылардың пікірінше, жыл сайын тек аудандық соттарға түсетін құжаттардың санын өңдеу үшін, бүкіл Ресей бойынша штаттағы судьялардың саны 2,1 есе артуы керек.

Қазақстан соттарындағы жүктеме де бұдан қалыспайды. Біздің еліміздің соттары күн сайын орташа



Өмірсерік ҚОЖАБЕВ,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» ҚБ төрағасы

есеппен алғанда, шамамен 16 500 шешім шығарады. Еңбек жүктемесінің артуымен судьялардың психологиялық-эмоционалды жүктемесі де артатынын айта кеткен жөн. Мұның соңы күйзеліс пен жүрек-қан тамырлары ауруларына алып келетіні ешкімге жасырын емес.

Құқық қорғау жүйесінің шырқау биігінде тұрғандықтан, сот жүйесіне ең білікті және тәжірибелі заңгерлердің таңдалып алынуы заңдылық. Судьяға және оның кәсіби қызметіне жоғары талаптар қойылғандықтан, мемлекет те сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметті мінсіз атқаратын судьяларды лайықты кепілдіктермен қамтамасыз етуге міндетті. Судьяның конституциялық мәртебесіне сай, отставкадағы судьяға ерекше мәртебе берілген. Ол сондай-ақ, сот төрелігін тиісті түрде жүзеге асыруға кепілдік береді, судьяларға күнделікті және көп еңбекті қажет ететін қызметінде жоғары талаптар қоюға негіз болады.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) толыққанды мүшесі болғандықтан, сот органдарының шынайы тәуелсіздігін және судьялардың, оның ішінде отставкадағы судьялардың да құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша қабылданған барлық қарарлар мен ұсынымдарды мойындайды.

Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидадарының 11-тармағына сәйкес (БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жөніндегі жетінші конгресі қабылдаған, Милан (Италия), 1985 жылғы 26 тамыз – 6 қыркүйек, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы қарарларымен мақұлданды), судьялардың өкілеттік мерзімі, олардың тәуелсіздігі, қауіпсіздігі, тиісті сыйақы беру, қызмет ету шарттары, зейнетақылар мен зейнеткерлікке шығу жасына заңмен тиісті түрде кепілдік берілуі керек.

1998 жылғы Судьялардың мәртебесі туралы Еуропалық Хартия отставкаға шығу үшін белгіленген жасқа жеткен және белгілі бір уақыт аралығында сот міндеттерін атқарған судьяларға зейнетақы төленеді, оның мөлшері судья ретіндегі соңғы табыс деңгейіне мүмкіндігінше жақын болуы керек деп кеңес берді.

Аталған халықаралық деңгейде мойындалған актілердің мазмұнынан түйгеніміз, отставкадағы судьялар жағдайының қандай да елеусіз қалып, ескерілмеуі, атап айтқанда, басқа құқық қорғау органдарымен салыстырғанда өмір бойы қамту мөлшерінің азаюы БҰҰ қағидадарын бұзу болып табылады, бұл ҚР Конституциясына тікелей қайшы келеді. БҰҰ-ға кіре отырып, Қазақстан мемлекеттік институттардың жұмыс

істеуінің жалпы ережелерін бекітетін БҰҰ-ның барлық негізгі құжаттарын сақтауға міндеттенді. Оның үстіне, бұл ҚР Конституциясында осы туралы тікелей көрсетілген нұсқаудан туындайды.

Мәселен, ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес, Республика ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарынан басым болады. Егер қазақстандық конституциялық норма халықаралық шарттар қағида-тарынан басым деп танылса, онда олардың номинативтік талаптарын іске асыру отандық құқық қолдану қызметінде кідіріссіз автоматты түрде қолданылуы тиіс. Мәселен, Вена Конвенциясының (Pacta sunt servanda) 26-бабына сәйкес, «Әрбір қолданыстағы шарт оның қатысушылары үшін міндетті және олар адал орындауы тиіс». Бұл жағдайда Конвенцияның 27-бабында: «Қатысушы шартты орындамағанын ақтау үшін өзінің ішкі құқығының ережелеріне сілтеме жасай алмайды» деп ұйғарылғанын атап өте маңызды.

Қазақстанның негізгі заңы мен халықаралық нормалардың ережелеріне қарамастан, бүгінгі таңда елде отставкадағы судьялар тәуелсіздігінің материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша кепілдіктері сақталмайды. Мәселен, Конституциялық заңның 35-бабының 2,1-тармақтарында отставкадағы судьяның ай сайынғы зейнетақысының өмір бойы қамтылуының ең жоғары мөлшері көзделген және ол судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысының 65 пайызынан және тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген айлық көрсеткіштің 109 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс екені белгіленген. Тәуелсіз Мемле-

кеттер достастығы (ТМД) елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, бұл елдерде заңдық тұрғыда отставкадағы судьяны әлеуметтік қамсыздандыру бойынша өмір бойы қамту мөлшері ең төменгі немесе басқа есептік көрсеткіштерге ешқандай байланыстырмай, судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысының 65-85 пайызы аралығында белгіленген.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, ҚР Құқық қорғау органдарының зейнеткерлерін зейнетақымен қамсыздандыру отставкадағы судьяларды материалдық қамсыздандырудан едәуір асып түседі. Мысалы, оларда еңбек сіңірген жылдары бойынша, арнаулы атақтар үшін және т.б. төлемдер түріндегі зейнетақыларға қомақты үстемеақылар көзделген. Бұл ретте құқық қорғау органдары зейнеткерлерінің отставкадағы судьялардан айырмашылығы – жоғары конституциялық мәртебеге ие емес. Сонымен қатар, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары зейнеткерлерінің зейнетақы төлемдері жыл сайын артып келеді, өкінішке орай, бұл өсім отставкадағы судьяларға қатысты қолданылмайды. Осылайша, судьяның Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген ерекше мәртебесі төмендетілуде.

Отставкадағы судья зейнет демалысына жасы бойынша шыққан басқа зейнеткерлерге қарағанда әлеуметтік жағынан қорғалмаған болып шықты. Атап айтқанда, судьялар отставкадағы судья сияқты жоғары мәртебесі жоқ қарапайым зейнеткерлер үшін белгіленген қалалық автобуста тегін жүру, санаторийлерде тегін демалу, медициналық мекемелерде қызмет көрсету, дәрі-дәрмектерді сатып алу кезіндегі және басқа да жеңілдіктерді пайдалана алмайды. Қазіргі таңда отставкадағы судьяның өмір бойы зейнетақымен қамтылуы ең жоғары 65% қамтамасыз етуді айтпағанның өзінде, мемлекет кепілдік берген ең төменгі 50%-ды да құрамайды.

Осылайша, ҚР Конституциясымен декларацияланған судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктері бұзылуда және судьяның адам және азамат ретіндегі конституциялық құқықтары мен бостандықтары шектелуде. Бұл мәселені жұмыс істеп жүрген көптеген судьяларды да алаңдатынына күмән жоқ. Өйткені, «өзгізе туған күн бұзауға да туады» демекші, бұл жағдайдың отставкаға немесе зейнетке шыққаннан кейін әр судьяның басына түсері хақ.

ОҢ ҚАДАМ

Оқу жылы басталғалы Алматы көшелерінен мектеп оқушыларына арналған сары автобустарды байқаған боларсыздар. Иә, дiттеген жерге жете алмай қиналып жүрген оқушылардың мәселесі оң шешімін табуда. Бұл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Мектеп автобусы» пилоттық жобасының жемісі.

«Барлық балаларға жол жүру тегін. Мектептер тасымалдауды ұйымдастыруды қаржыландырады. Осы мақсатқа 1,4 млрд теңге бөлінді», – деп түсіндірді Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева. Баспасөз қызметі берген ақпарат бойынша мектеп автобустары барлық халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен техникалық талаптарға сәйкес келеді: апаттық шығу, қауіпсіздік белдіктері, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған пандус, өрт қауіпсіздігі жүйесі толық ескерілген.

№183 мектеп гимназиясының 3 сынып оқушысы Сағыншты сөзге тарттық. – Автобустар қай уақытта келеді? Қайда жиналасыңдар?

– Таңғы 7-де кейде 7:30-да үйден шығамын. Арнайы аялдамаға балалар жылылып күтеміз. Сосын автобус келіп, бәрімізді алып кетеді. Басында аң-таң болып, сырттан ғана қарап, отыруға ұялатын едік. Автобуста бізге жауапты апай «Үйрене беріңдер, мектепке енді тек осы автобуспен қатынайтын боламыз» деді.

– Кәдімгі автобустан айырмашылық бар ма?

– Әрине, біріншіден қысылмай-қымтырылмай еркін келеміз. Оның үстіне, кәдімгі автобустың қарағанда тез жетеміз. Өйткені қала автобустары әр аялдамаға тоқтауға міндетті...

Балалардың сөзінен ұққанымыз, автобуста оқушылармен бірге арнайы мұғалімдер де еріп жүреді екен. Білім басқармасы өкілдерінің

«МЕКТЕП АВТОБУСЫ» – БАЛАҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ



Жобаны «АлматыЭлектротранс» ЖШС және Алматы қаласы Білім басқармасы бірігіп жүзеге асырып отыр. Бүгінде бірнеше бағытта 100 автобус 8258 баланы тасып жүр. Бағыттар тізбегі және оқушылар мен автобустар саны келесідей:

№	Аудан	Мектептер атауы	Мектеп саны	Оқушылар саны	Автобустар саны
1	Алатау	№154, 179, 196, 204, 210	5	2853	25
2	Әуезов	№9, 42, 127, 130, 153	5	1432	19
3	Бостандық	№40, 88, 145, 183, 189, 190, 199	7	761	16
4	Жетысу	№80, 87, 193, 112, 103	5	1910	24
5	Медеу	№7, 53	2	536	4
6	Наурызбай	№186, 200	2	365	5
7	Түркісіб	№20, 32, 162, 115	4	401	7
8	Алмалы	0	0	0	0
Жалпы			30	8258	100

айтуынша жобаны одан әрі кеңейтудің арқасында 12500 баланы тасымалдауға мүмкіндік туады екен. Алдымыздағы жылы жобаның екінші кезеңі бойынша тағы 50 автобус балаларға пайдалануға берілмек.

Мейлі, жаңа техника келді делік. Ал енді оның тазалығына, техникалық жағдайына кім қарамақ деген сауал туды. Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева автобус жүргізушісін дайындау, ұйымдастыру, техниканың жай-күйі мәселелеріне «АлматыЭлектротранс» ЖШС жауап беретінін жеткізді. Ал жүргізушілерді таңдаған кезде жүргізуші күәлігінен бөлек ештеңе сұралмайды екен. Осы тұста айта кетейік, мысалы АҚШ-та автобус жүргізушісі алғашқы медициналық көмек көрсете білуі және арнайы төтенше жағдай жаттығуынан өтуі керек. Жаңа қолға алынған іс болған соң, алдағы уақытта бұл детальдар да ескерілген деген үміттеміз.

Автобустар мектептерге қандай критерийлерге сай бөлінгені де тілшілер қызығушылығын тудырды. Ләззат Әуесханқызының айтуынша, жаз мезгілінде әр мектеппен жеке-жеке жұмыс жасап, қала аумағындағы 215 мектепке бөлінген. Және негізгі критерий ретінде бастауыш сынып балаларының саны және жету қиындығы мен алыстығы ескерілген екен. Ұйымдастыру кезеңінде сұраныс 7 мыңнан сәл асса, қыркүйек басталғалы 12 500 балаға ата-ананың өтінім бергені белгілі болды. Ал алдағы уақытта жаңа маршруттар мен автобустардың қосылуы тікелей сұранысқа байланысты болмақ.

Қалай айтсақ та, бұл игі жоба осы айдың жақсы жаңалығы болды. Ендігі тілегіміз, алдағы уақытта еліміздегі мектепке қатынау қиын өңірлерде осындай игі жобалар жалғасын тапса екен.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Әкімшілік әділет – құқықтық мемлекеттің, мемлекеттік басқарудағы әкімшілік құқықтың маңызды атрибуты. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі барлық әкімшілік органдар сақтауға міндетті қағидағарды бекітеді. Әкімшілік әділетте сенім құқығын қорғау қағидаты маңызды.



Айгүл АБДУЛЛИНА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы

Бұл қағидат әкімшілік органдар қабылданған әкімшілік актінің заңды және дәйекті екендігіне кепілі. Әкімшілік орган жіберген кемшілік адамға зиян келтірмеуі тиіс. Егер белгілі бір адамға (немесе адамдар тобына) қатысты қолайлы әкімшілік акт заңсыз қабылданған болса, егер адресаттың кінәсі болмаса және бұл акт басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін бұзба мұндай әкімшілік акт жойылуға жатпайды. (жекедеген жағдайларды қоспағанда) Сот тәжірибесінен бір мысал келтірсек, аталған қағидатты қолдану арқылы сот еңбек сіңірген спорт жаттықтырушының құқығын қорғады. Джиу-джитсу ұлттық құрамасының жекпе-жек

жүйелері бөліміндегі аға жаттықтырушы Ақтөбе облысының мамандандырылған әкімшілік сотына жүгінді. Оның шәкірті 2018 жылы Жазғы Азия ойындарының джиу-джитсудан қола жүлдегері атанды. Спорт басқармасы спортшыға ай сайынғы 100 АЕК мөлшерінде ақшалай қаражат төлеп, жаттықтырушыға осындай төлемді жүзеге асырудан бас тартқан. Сот сенім құқығын қорғау қағидатын қолдана отырып, мемлекеттік орган облыс әкімінің қаулысын дұрыс қолданбағанын анықтап, бұл әрекетсіздікті заңсыз деп танып, жаттықтырушыға тиесілі қаражатты төлеуді міндеттеді.

Әділдік қағидатын қолдану тәжірибесіне сүйеніп сот тұрғын үй кезегінен заңсыз шығарылған жетімнің құқығын қорғады. Талап қоюшы 2012 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан жетім балалар санаты бойынша үй алуға кезекке тіркелген. Алайда, 2022 жылы талап қоюшыны кезектен шығарғаны белгілі болған. Соттың шешімімен талап қоюшының кезегі қайта қалпына келтірілді.

Мөлшерлестік қағидаты да сот тәжірибесінде үлкен мәнге ие. Жеке не заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуді көздейтін шаралар Конституцияда және заңдарда белгіленген мақсаттарға бағытталуға, мөлшерлес болуға тиіс, өзінің мазмұнын, орнын, уақытын және қамтылатын адамдар тобын ескере отырып, олардың мақсатына жету үшін лайықты, қажетті және мөлшерлі болуы тиіс.

Мөлшерлестік қағидаты әкімшілік органның нақты істі мақсат пен қолданылатын құралдар арасындағы

ақылға қонымды арақатынаста қаралуына кепілдік беруге арналған қағида.

Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу қағидаты әкімшілік органға адамдарға қосымша формальды талаптарды, оның ішінде нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген ұйымшылдық ережелерге сәйкес міндеттер жүктеуге немесе оларға қандай да бір құқық беруден бас тартуға тыйым салынатынын білдіреді.

Анықтық презумпциясы бойынша әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушылар ұсынған құжаттардың және өзге де мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам дербес және өз есебінен олардың төлнұсқалығын тексеруге міндетті.

ҚР әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істі өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Конституция елдің негізгі заңы ретінде Қазақстан халқының ерік-жігерін, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде елді бекітуге деген ұмтылысын көрсетеді.

БОСТАНДЫҚ ПЕН ТЕҢДІКТІҢ КЕПІЛІ



Гүлмира САГАДИЕВА,
Ақмола облысы Әділет
департаменті басшысының
орынбасары

әлеуметтік күн тәртібінің өзгеруіне байланысты Конституцияға уақыт тенденцияларына сәйкес келу үшін бірнеше рет өзгерістер енгізілді. Осылайша, 2022 жылғы 5 маусымда өткен республикалық референдумда Қазақстан халқы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасына қолдау білдірді, оның мақсаты суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшу, бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлу, Парламенттің рөлін күшейту және мәртебесін арттыру, халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту үшін құқықтық база құру болды. Бұл конституциялық реформа азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуын кеңейтті және саяси процестерді нақты демократияландыруды қамтамасыз етті.

Қазақстан жерінде тұратындардың барлығы еліміздің негізгі заңы құрметтеуге және сақтауға тиіс. Қазақстанның әрбір тұрғыны әділдікке, заңдылыққа, теңдікке және өзінің болашағына сенімді болуға тиіс. Қоғам мен мемлекет дамуының базалық қағидағары, адамның, азаматтың және мемлекеттік билік субъектісінің кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері ҚР Конституциясында нақты бекітілген. Оларды сапалы әрі тиімді іске асыру мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті, өйткені, ол даму мен тұрақтылыққа, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Біз бұл актімен іс жүзінде жаңа мемлекеттің негізі әлем картасында қаланды деп мақтанышпен айта аламыз. Конституция – біздің бостандығымыздың негізі.

Республика қызметінің негізгі қағидағары: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Қазақстан азаматтарына тегіне, нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне қарамастан және мемлекет келген өзге мән-жайлар бойынша құқықтар мен бостандықтардың теңдігіне кепілдік беріледі.

Саяси, экономикалық және

ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН КҮРЕСТЕ БІРЛІК ҚАЖЕТ

Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті. Онымен күрес тыңғылықты, жүйелі, пәрменді болуы керек. Елдегі заңдардың бәрі жемқорлыққа қарсы үндейді. Жемқорлықтың жазасы ауыр. Бұл мәселедегі мемлекет ұстанымы айқын. Жемқорлыққа дамыған, өркениетке ұмтылған мемлекетте орын жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мына ұстанымдардан тұрады:

1. заңдылық;
2. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

3. жариялылық пен ашықтық;
4. мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;

5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қолдану;

7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпас қағидағары жүзеге асады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, жас ұрпақты жемқорлыққа, сыбайластыққа төзбеуге тәрбиелеу аға буынның, бүкіл қазақстандықтардың парызы. Ақпараттық сала өкілдері үнемі жемқорлыққа қарсы жасалып жатқан іс-шараларды, заңды, құқықтық сауатты, парақорлыққа төзбеу жолдарын насихаттауы тиіс.

Жемқорлықпен жұмыла күрескенде ғана азаматтық қоғам, әділетті, гүлденген қоғам орнайды. Қызмет барысында мұндай әрекетке барған кез келген лауазымды тұлға әшкереленуі, қоғам алдында ашық аталуы тиіс. Кез келген азамат өзіне осындай принциптер алдында жүктеме алуы қажет. Бір мүдде тұрғысында бір кісідей жұмылып, күрес алғанда ғана жемқорлыққа тосқауыл қойылады, тұсау салынады.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласы
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
бас маманы -
сот отырысының хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі.



ТІЛ - ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары, мемлекеттік мекемелермен хат алмасулар мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге бағытталған ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Бұған қоса, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін заң баптарының жүзеге асырылуы, бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғанын көрсетеді. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болатыны сөзсіз.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идеяға айналдырып, сол тілде сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызға сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріссек, мәселе оңынан шешіледі.

Р.РАХЫМЖАН,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
бас маманы - сот мәжілісінің хатшысы



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Президент өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторларға басымдық берді. Осы ретте, аудандағы өндіріс қарқыны, еңбек капиталы, ресурстарды тарту-игеру мен технологияларды пайдалану, экономиканы әртарапандыру қалай жүзеге асып жатыр? Жаңа үрдістерден жергілікті тұрғындар шет қалып жатқан жоқ па?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған жолдауларында айтылған міндеттер мен тапсырмаларды орындау бойынша Панфилов ауданында нақты шаралар жүзеге асырылып, жоспарға сәйкес ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. 2022 жылдың және 2023 жылдың жеті айының қорытындысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оңды нәтижелерді көрсетті.

Мысалы, биылғы жылдың жеті айының қорытындысымен экономиканың негізгі салалары өнеркәсіп



Марат САҒЫМБЕК, Жетісу облысы, Панфилов ауданының әкімі:

қоймаларын жасау үшін бастапқы қажетті «техникалық-экономикалық негіздеме» және «жобалау-металдық құжаттама» құжаттарын дайындауға Республикалық бюджеттен қаражат қажет. Осы мәселені шешу мақсатында, Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасына Қорғас, Тышқан, Өсек өзендеріне су қоймаларын салуға техника-экономикалық негіздеме әзірлеуді бастауға 3 млн теңге бөлінді.

Мемлекет басшысы осы жолғы жолдауында Су ресурстары және ирригация министрлігін құруға бастамашы болды. Бұл дер кезінде қабылданған шешім және уақытылы құрылған министрлік. Арнайы министрлік болмауы кейбір түйткілдердің шешілуіне кедергі болып келген. Жоғарыда айтып өткендей біз Қытай мемлекетімен шектесетін себепті кей өзендердің суын бөлісіп қолданамыз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Кершілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Жан-жақты ойластырылған су саясатын

дықтан креативті азаматтар ауылшаруашылығы маңынан аспай қалады. Біздегі ең қажырлы, тиімді еңбек ететін, ойы ұшқыр азаматтар ауылшаруашылық саласына технологияны енгізумен ғана шектеліп тұр. Оның өзінде суды үнемдеу, тамшылатып суару, жер құнарлылығын арттыру сынды аграрлық ғылыми жұмыстар айналасында ғана. Ал, нақты өз идеясы бар жоспары мен ісі салмақты мынаны істейтін, қолдау керек деген азаматтар болса, бұл әркез қолдауға дайынбыз. Мен әр кездесуде, жиында осы мәселені көтеріп, мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жекелей демеушілік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуге әзір екенімізді жеткізіп отырамын. Ойы ұшқыр, кеудесінде жалын бар, арман-мақсаты биік жастар мен кез келген азаматқа бүгінгі таңда мүмкіндік мол. Олардың биікке ұмтылғаны, жаңа идея, тың көзқарастарын жүзеге асырғаны маңызды.

– Президент өз жолдауында кәсіпкерліктің бүгінгі жағдайы мен болашағына көбірек тоқталды. Аудан кәсіпкерлерінің беталысы мен бүгінгі ахуалына қандай баға берер едіңіз?

– Мемлекет басшысының осы жолғы жолдауында «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларын біріктіру бойынша көтерген бастамасы оң қолдау табады деген сенімдемеміз. Біріншіден, кәсіпкерлерге бірыңғай ортақ бағдарлама болады, яғни, бұл шағын кәсіпкерлерге жеңіл, әрі ыңғайлы болатынына күмән жоқ. Бұл бастама кейбір жағдайларда ауылдағы кәсіпкерлерде туындайтын қандай бағдарламаны таңдау, қай бағдарлама ыңғайлы деген сұрақтарды шегереді. Екіншіден, бұл бағдарлама өндіріс нысандарының дамуына оң септігін тигізеді. Мәселен, Панфилов ауданында екі арнайы экономикалық аймақ құрылған – «Қорғас – Шығыс қақпасы» және «Қорғас» Шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы. Бұл аймақтарда сауда-саттық, туризм, өндіріс, көлік логистикасы бағытында кәсіпкерлік нысандарын дамыту жоспарланған. «Қорғас – Шығыс қақпасы» аумағына Құрғақ порт, логистикалық және индустриялық аймақтар кіреді, 4591,5 га, оның ішінде инженерлік инфрақұрылыммен 600 га астам қамтамасыз етілген (пайдалы аумақтың ауданы 398 га құрайды): Бүгінгі таңда АЭА-да жалпы сомасы 48000,0 млн теңгеге 11 жоба іске асырылды. Одан бөлек бізде «Қорғас» Шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы аумағы бар. Күніне 3000-4000-дай тұрғын кіретін шекаралық сауда аймағының болашағы зор. Ол жер 608,56 гектарды құрайды, оның 217 гектары инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, ауданы 236 га резервтік аумақ тіршілікпен қамтамасыз етілмеген. Кәсіп ашып, еңбек етемін деген тұрғындар үшін біздің аудан өте қолайлы. Сауда керуенінің бойында орналасқан ауданымызға республиканың түкпір-түкпірінен туристер де, қарапайым тұрғындар да көптеп келіп жатыр. Бұл өз қызметін көрсетіп, еңбек етіп отырған біздің тұрғындар үшін үлкен көмек. Кәсіп ашып, еңбек етемін деген халық үшін тұтынушылар да бар және біз мемлекет бағдарламасымен жан-жақты қолдау көрсетудеміз.

– Қарызыз қоғам, сапалы білім, кемел адам, әділетті мемлекет кез келген қазақстандықтың арманы. Осы тұрғыда, ауылды жерлер мен аудан орталығындағы көңіл-күй, сапалы өмір сүруге ұмтылу, адал қоғам қалыптастыруға ниет-әрекет деңгейі қалай? Қарапайым азаматтарда болашаққа деген сенім жоғары ма?

– Болашаққа сенім болу үшін сапалы медицина, жайлы мектеп, әділетті қоғам болу керек. Мемлекет тарапынан халық үшін жасалып жатқан жұмыстар шынайы және нақты көрінуі тиіс. Сонда ғана қарапайым азаматтардың сенімі нығаяды. Біз жергілікті атқарушы орган осы себепті мемлекет тарапынан жасалынып жатқан жұмыстарды жан-жақты түсіндіріп, еңбек етеміз деген азаматтарға ашық диалог құрып, жұмыс жүргізсек, оларды әркез қолдап отырсақ, халықтың көңіл-күйі де, мемлекетке деген сенімі де артып, адал қоғам құруға жол саламыз. Мен аудан басшысы ретінде әркез мекеме, сала басшылары мен округ әкімдеріне ұдайы халықпен тығыз қатынас құрып, адал істің нәтижесін көрсете білгенде ғана жұрттың сенімі мен көңілінен шыға алатынымызды жеткізіп отырамын.

– Шынайы сұхбатыңызға рақмет. Жұмыстарыңыз сәтті болсын.

Ш.ҚҰРМАНБАЙ,
«Заң газеті»

«БОЛАШАҚҚА СЕНІМ АДАЛ ҚОҒАМҒА ЖОЛ АШАДЫ»

өндірісінде өсім 21,2%-ға, ауыл шаруашылығы саласы 2%-ға, шағын және орта кәсіпкерлік 7,2%-ға, сауда саласында бөлшек тауар айналымы 32,9%-ға, құрылыс саласы – 2,8 есеге, тұрғын үйді қолдануға беру 45,5%-ға, негізгі капиталға инвестициялар тарту 32,6%-ға артты. Жалпы, 2023 жылға жоспарланған көрсеткіштерді жыл соңында толық орындаймыз. Әрине, аталған салалардағы қолжеткізген жетістіктерге аудан халқының қосқан үлесі мол.

Үстіміздегі жылдың 7 айында 4245 жаңа жұмыс орны құрылды (оның ішінде тұрақты жұмыс орны – 2802, уақытша жұмыс орны – 1443), жыл соңына дейін 1568 жұмыс орны ашылады. Сонымен бірге, өнеркәсіп саласында жалпы 67 орта және шағын кәсіпорын жұмыс істейді, биылғы жылы 80 жұмыс орны бар жаңа 3 кәсіпорын іске қосылады.

Өткен жылы аудан экономикасына 39,2 млрд теңге (оның ішінде кәсіпорындар мен жеке меншік иелерінің қаржысы – 13,3 млрд теңге) инвестиция салынған болса, биылғы жылы 14,7% өсіммен 45 млрд теңге инвестиция салу жоспарланды, бүгінгі күнге 19 млрд теңге инвестиция тартылды.

– Барлық салалардағы жаңа жобалардың қысқа мерзімдерге арналу керектігі айтылды. Ауқымды жобалардан аз уақытта оң нәтиже алу жалпы тәжірибеде бар ма, оның тиімділігі неде?

– Бұл жерде ел Президенті жаңа экономикалық саясатта жүзеге асыру екіталай, ұзақ мерзімді мақсаттар қоюға болмайтыны туралы атап айтты. Яғни, жолдауда айтылатын міндеттердің бәрі үш жыл ішінде орындалуға тиіс, тек аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітілуі тиіс деп міндеттеді.

Сіздің сұрағыңыздағы ауқымды жобалардан аз уақытта оң нәтиже алу жалпы тәжірибеде болған жоқ. Егер жоспарланған жобаны қаржыландыру өз уақытында жүзеге асырылса, аз уақытта орындауға болады деп ойлаймын. Ол үшін жергілікті әкімдік, мекемелер қажетті жобалық-металдық құжаттар сынды дүниелерді дайындап пысықтап қою керек.

– Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу да – мемлекеттіліктің басты мақсаты. Бұл бағытта мемлекет ауыл, аймақ, өңірлерге арқа сүйейді. Жаркент – аграрлық аймақ. Аграрлық сектор бойынша өздеріңізде ежелден бар тәжірибенің жаңашыл ізденістері жайлы не айтасыз? «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша қарастырылып отырған жеңбе қандай?

– Бүкіл Қазақстан бойынша Үкімет АМАНАТ партиясымен бірлесіп, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға және проблемаларын жедел шешуге мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» жобасына жол ашты. Бұл өте қажетті қолдау және дер кезінде қабылданған шешім. Бізде Панфилов ауданы бойынша 2,5 пайызбен несиелеу жобасы арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасының 1-кезеңінде жалпы сомасы 275 млн теңгеге 39 өтім қамбыланды. Оның нәтижесінде 264,3 млн теңгеге 36 өтім мақұлданды. Ал қалған 10,7 млн теңгеге 3 өтім

несиелік жүктеменің асып кетуіне және кепілдік құжаттарының дұрыс болмауына байланысты кері қайтарылды. Панфилов ауданы аграрлық аудан болғандықтан, несие алуға басым өтімдер ауыл шаруашылығы мақсатында, оның ішінде мал шаруашылығын дамыту үшін берілген.

Бүгінгі күні, Жетісу облысы әкімінің тапсырмасына сәйкес, Панфилов ауданы шекаралық аймақта орналасқандықтан, жол бойы сервис объектілерін, сонымен бірге шағын кәсіпкерлік объектілерін дамытуға баса көңіл бөлініп, халыққа түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бағдарламаның 2-кезеңінде жалпы 425 млн теңгеге 60-қа жуық өтім беріліп несие алу жоспарлануда.

– Қ.Тоқаев өз жолдауында энергетикалық қауіпсіздікке, газбен қамту мәселелеріне ерекше тоқталды. Осы ретте, ауданның энергетикалық мәселелері қалай жолға қойылған? Су электр станцияларын дамыту, елді газбен қамтамасыз ету мүмкіндіктері бар ма?

– 2023 жылы Панфилов ауданының 6 ауылының (Алмалы, Кішішыған, Көктал, Головацкий, Алтыүй, Лесновка) жаңадан ашылған көшелерін электрмен жабдықтау құрылысына 645,2 млн теңге бөлініп, бүгінгі күнге 490,7 млн теңге игерілді. Қазіргі таңда Алмалы, Кішішыған, Лесновка ауылдарында құрылыс жұмыстары аяқталып, 13,728 шақырымға электр желілері тартылды. Қалған ауылдар бойынша құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың қазан-қараша айларында аяқталады деп күтілуде. Оның сыртында Жаркент қаласының Алматы, Головацкий, Уалиханов көшелері мен Үшарал ауылының жаңадан ашылған көшелерін электрмен жабдықтауға жоба-металдық құжаттамалары әзірленді, құрылыстың металдық құны 280,1 млн теңгені құрайды.

Ауылдарды кезең-кезеңімен газдандыру мақсатында, Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы арқылы Панфилов ауданының 25 ауылына газ жеткізу құбыры мен газ тарату жүйелерінің құрылысына жоба-металдық құжаттамалар әзірлеуге 517,3 млн теңгеге шарт жасалған. Жоба-металдық құжаттамалары әзірленгеннен кейін 2024 жылы қаржы бөлуге бюджеттік өтім беріледі.

Сонымен қатар, Жаркент қаласындағы көпқабатты екі тұрғын үйге газбен жанатын блокті-модульды қазандық орнатуға жоба-металдық құжаттамалары әзірлеуге 50,3 млн теңге бөлінді. Жоба-металдық құжаттамалары әзірленгеннен кейін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады.

– Су – тіршілік көзі. Ауданда суға қатысты мәселелер (ауыз судан бастап, суды шаруашылыққа тұтыну, трансшекаралық су қатынастары т.б) қалай шешіліп жатыр?

– Бүгінгі таңда Панфилов ауданының 5 ауылының (Еңбекші, Надек, Көктал, Қырыққұдық, Шолақай) сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы мен қайта жаңғыртуға жоба-металдық құжаттамалар дайын. Жалпы металдық құны 5,6 млрд теңгені, су құбырының ұзындығы 133,6 шақырымды



құрайды. 2024 жылға республикалық бюджеттен қаржы бөлуге бюджеттік өтім ұсынылды. Жаркент қаласы мен Керімағаш, Сарыбел ауылдарының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына жоба-металдық құжаттамалар әзірленуде. Сонымен бірге, Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы арқылы ауданның 12 ауылын жер асты суларымен қамтамасыз ету үшін геологиялық барлау жұмыстары кешені жүргізуге жоба-металдық құжаттамалары әзірленуде. Іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, қорытындысы шыққаннан кейін ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамту үшін жоба-металдық құжаттама әзірлеуге қаржы сұралады.

Ауданымыздың ауыл шаруашылығы жерлері толығымен суғармалы. Жалпы, ауданымыздағы өзендердің суы таулы аймақтағы бұлақтардан, мұзды, қарлы, жылғалардан келеді. Сондықтан өзендегі судың деңгейі бізде аяу райына тәуелді. Тәулік бойы бір қалыпты сақтамай, өзгермелі күйде ағады. Әсіресе, көктемде түске дейін болған су, түстен кейін азаяды, кейде керісінше болады. Су пайдаланушыларға үлестірілген су азайғанда, кейбіреуінің суы тоқтап қалады және қайта суаруға тура келеді.

Шаруа қожалықтары көбінесе жүгері дақылын егу кезінде бір уақытта су алып, егін егуге тырысады. Олар ауыстырмалы егістікпен айналыспайды. Осындай кезде су тұтынушыларды сумен толық қамтамасыз ету өте қиын. Бұл шаруа қожалықтарының арасындағы дауға және суармалы суды заңсыз пайдалану үшін түрлі кері әрекеттерге баруына тура келеді.

Осы жағдайлардан шығу үшін біз облыс әкімдігімен және басқа да тиісті мекемелермен келісіп, трансшекаралық Қорғас өзенінде көлемі 10 млн текше метр, Өсек өзенінде көлемі 25 млн текше метр және Тышқан өзенінде көлемі 10 млн текше метр су болатын үш су қоймасын жасау жөнінде жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Аталған үш су қоймасының жалпы ауданы 49 708 гектарды құрайды. Бұл аудандағы барлық 2 998 шаруа қожалықтардың жер учаскелерін суаруға мүмкіндік береді. Осы су

жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер» деп айырықша атап көрсетті. Бұл мәселе өңірлік емес, мемлекет деңгейінде қаралатындықтан, көршілес мемлекетпен су жүйесін бөлісуде жолдаудағы атап өткендей әуелі, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын арттыру маңызды. Бізде су көзі болса да әлі ысырапшылдықтан арыла алмай келеміз. Сондықтан жолдауда айтылған осы ғылыми технологияны су жүйесімен ұштастырса, үнемшілдік пен су қорын сақтауда айрықша рөл атқармақ.

– Панфилов ауданын транзиттік мүмкіндік дәлізі деуге болады. Көлік-логистика әлеуетін қаншалықты арттыра алып отырсыздар?

– Еліміздегі ең ірі автомагистрал «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» біздің ауданнан басталады. Сондай-ақ, «Құрғақ порт» көлік-логистика аймағы және Жетіген-Қорғас темір жолы сынды ірі транзиттік орталықтар біздің ауданда орналасқан. Мысалы, біздегі «Nur joly» шекаралық бекеті күніне 2 500 жүк көлігін өткізе алады. Қазір осы жерден «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралы арқылы жүк көліктері мен жүк тасымалы өтуде. Пандемия кезінде де осы бағытта жүк тасымалы мен логистикалық қызмет тоқтамады. Керісінше, елдің әлеуетін арттыруға пайдасын тигізді.

Сонымен қатар, «Құрғақ порт» көлік-логистика орталығы Қытайдан көліктерді Орта Азия, Еуропа елдеріне тасымалдау жүргізуде. Былтырғы жылы осы орталық 25 172 автокөлік тасымалдаса, биыл жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 40 000 бірлікке дейін артап. Осыдан-ақ өңірде транзиттік әлеуеттің артып жатқанын байқауға болады.

– Дарынды, ұшқыр, креативті азаматтарды қолдау, олардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасау – дамушы мемлекет ұстанымы. Аймақта бұл мәселеге қаншалықты көңіл бөлінген?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, біздің аудан аграрлық аудан болған-

Мемлекет басшысының 2019 жылғы жолдауына сәйкес жүзеге асырылып келе жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай, билік пен халық арасындағы өзара сенімді күшейтеу міндетін жолға қоя отырып, мемлекетті басқару жүйесін жаңғырту мақсатындағы реформалардың бірі – Президенттік кадр резерві.

ДАРЫНДЫ, ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР ЖОБАСЫ



ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Ақерке Ардаққызының айтуынша, Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру жобасының аясында бұған дейін екі рет іріктеу өткізілді. 2019 жылы өткізілген іріктеу бойынша резервке 300 адам, 2021 жылы 50 адам қабылданды. Резервке алынған 350 адамның 264-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторлар ұйымдарында жұмыс істейді, яғни, жалпы санның 75 пайызы жұмысқа орналастырылды. Атап айтқанда, 128 адам орталық мемлекеттік органдарда, 38-і жергілікті атқарушы органдарда, 57-сі ұлттық компанияларда, 41-і өзге де ұйымдарда қызмет атқаруда. Сондай-ақ, олардың қатарында резервтегі 31 жас маман саяси лауазымдарға, алтауы «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, біреуі Мәжіліс Парламенті және екеуі мәслихат депутаты болып қызмет атқаруда.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі биыл Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеуді өткізу жоспарлап отыр.

Осы орайда ел мүддесіне адал қызмет етемін деген батыс өңірінің жастарын Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға шақырған Ақерке Ардаққызы үшінші іріктеу туралы толық ақпаратпен таныстырды.

– Өздеріңізге мәлім, бұл жоба дарынды, бастамашыл, жаңашыл ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тартуға бағытталған. Олардың әлеуетін пайдалану мәселесі біз үшін әрдайым өзекті. Үшінші іріктеудің ерекшелігі – мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, келесі бағыттар бойынша нақты мақсатты іріктеу жүргізу. Кезекті іріктеу орталық органдар өкілдерінің қатысуымен өткізу тәжірибесі енгізілуде. Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптарға сәйкес, іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және бес жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан азаматы қатыса алады, – деді департамент басшысының орынбасары.

Оның айтуынша, іріктеуге қатысуға Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервінде

тұрған адамдар жіберілмейді. Іріктеу Президент Жарлығымен бекітілген ережелерге сәйкес, алты кезеңнен тұрады және қыркүйек-желтоқсан айларында өткізіледі.

Бірінші кезең – резервке іріктеуге қатысу үшін кандидаттардың құжаттарын қабылдау 2023 жылдың 1-30 қыркүйегі аралығында pkrzerv.gov.kz арнайы ақпараттық жүйесінде және онлайн режимде жүзеге асырылады. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін кандидаттардың деректері жеке нөмір беру арқылы жасырылады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екендігі беймәлім болады. Кандидат қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда іріктеу кезеңдеріне жіберіледі.

Екінші кезең – мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан тұрады. Бұл кезең үміткерлердің күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға бағытталған екі бөлек тестілеу блогынан тұрады. Әрбір тестілеудің ұзақтығы 25 минуттан аспайды. Оның нәтижесі үміткердің жеке кабинетінде қолжетімді. Өз кезегінде тестілеу процесі дыбыс-бейне фиксациямен өтіп, өз бетінше өту шартының сақталуын қамтамасыз ету прокторинг жүйесімен қадағаланатын болады.

Үшінші кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешу. Бұл кезең үміткерлердің таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблемаларды шешуге деген көзқарасын бағалауға бағытталған. Аталған кезең онлайн-режимде дыбыс-бейне жазбаны сүйемелденіп, эссе жазу форматында жүргізіледі. Орындалған тапсырманың шешімі қызметтің тиісті бағыттары бойынша бір уақытта үш салалық сарапшымен бағаланады. Сарапшылар пулы академиялық орта мен бизнес қауымдастық өкілдерін, мемлекеттік қызметшілерді қамтиды.

Төртінші кезең – құзыреттерді бағалау кезеңі. Ассесмент-орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбат. Ассесмент-орталығы Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Ол мінез-құллық индикаторы арқылы кандидаттардың бойындағы белгіленген құзыреттерді анықтауға және бағалауға бағытталған. Кандидаттардың мінезін бағалау топтық және жеке тапсырмалардан тұрады. Жалпы құзыреттерді бағалауға кемінде 15 сертификатталған бағалаушы және 5 супервизор тартылатын болады. Өз кезегінде құзыреттер бойынша сұхбат блогы кәсіби HR-менеджерлерін тарта отырып, онлайн форматтағы жеке терең сұхбат түрінде өткізіледі. Сұхбат кандидаттардың ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталады.

Бесінші кезең – сарапшылық комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу. Оның құрамына мемлекеттік органдардың басшылары тартылады. Комиссия қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады.

Алтыншы, соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады. Ол ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін өткізіледі деп жоспарлануда.

Президенттік жастар кадрлық резерві талаптарына сәйкес, резервте болу мерзімі үш жылды қамтиды. Резервке алынған адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық және «А» санаттар тобының лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Еліміздің тыныштығын сақтап, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында сөзі мен ісі қабысқан азаматтар аз емес. Жәнібек ауданына қарасты Күйгенкөл ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Замир БЕРДЕНОВ – өзгелерге үлгі етерлік үздіктердің қатарында. Жақында полиция капитанымен сұхбаттасудың сәті түсіп еді.



Полиция қызметкері қызметтегі алдағы еңбек жылдарын, оданк ейінгі уақытта тәжірибелерін, көңілге тоқығандарын әсерлі әңгімемен былай жеткізді:

«АҒАМНЫҢ БАУЫРЫНДА АЛАҢСЫЗ ЕРЖЕТтім»

1985 жылы 8 наурызда Жәнібек ауданына көршілес Қазталовқа ауданына қарасты Қоныс ауылында дүниеге келдім. 6-сыныпты ауылдан бітірген соң іргелес Жаңақала ауданының Жаңақазан ауылында тұратын әкемнің туған ағасы Ғалымжан мен жеңгесі Сәлима мені өз қолына алып, тәрбиеледі. Ағамның бауырында алаңсыз ержеттім. Жасөспірім кезімде газ-мұнай саласының маманы болсам деп армандаған едім. 2002 жылы Мәжіт Жүнісов атындағы мектепті жақсы бағаға аяқтаған соң Орал қалалық мұнай және газ салалық-технологиялық колледжге оқуға түсіп, үш жылдан соң электрмен қамтамасыз етуші мамандығын игердім.

Колледжді аяқтаған соң, оқушы кезімнен сурет салуға бейім болғандықтан өзім білім алған мектебіме суретші-безендіруші болып қызметке орналасып, екі жыл жұмыс істедім. 2006 жылы Жамбыл облысының Меркі ауданындағы әскери бөлімде зениттік-артиллериялық взводта жаяу әскер сапында азаматтық борышымды өтедім.

Елге оралған соң Орал қаласында мамандандырылған әскери күзетте екі жыл жұмыс жасап, шыңдалдым. Бұл мезгілде БҚО полиция департаментіне түйіндемемен тапсырған болатымын. Көп кешікпей ішкі істер органына жұмысқа шақырылып, үш ай Атырау қаласында тағылымдамадан өтіп, 2009 жылы Орал қаласында патрульдік полиция батальонына бекетші болып қызметке кірістім. Қалада үш жарым жыл еңбек етіп, сержант шенін алдым. 2012 жылы Жәнібек ауданына ауыстым. Үш жыл уақытша ұстау изоляторында бекетші болдым. 2015 жылдан 2023 жылдың шілдесіне дейін Күйгенкөл ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып жұмыс жасадым.

«БАРҒАН ЖЕРДІҢ ТӨБЕСІНЕ ШЫҚ, ЖАҚСЫСЫНА ЖОЛЫҚ»

Тамырын тереңге тартқан тарихы, өрелі ісі, өнегелі халқы бар Күйгенкөл ауылына келгенімде «Барған жеріңнің төбесіне шық, жақсысына жолық» дегендей, алдымен ауылдың абыройына айналған, аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақалдарымен, зиялы қауыммен, келешектің кергесін керуге үлес қосып жүрген жастарымен танысудан бастадым. Кезінде елдің ырыздығын арттыруда еселі еңбек еткен, бүгінде жеткіншек буынға өнегелі үлгі көрсетіп жүрген Күйгенкөл ауылдық округінде алты жыл әкім болған Әлия Болатқызы мен Күйгенкөл ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Ғарифолла Әбдірешев, қоғамдық кеңестің мүшелері Жұпар Хамзина, Жеміс Бисенова сынды аға буынның бойындағы терең жауапкершілік, абзал қасиеттерге тәнті бол-

дым. Дауласқанды төре бидей татуластырып, төбе бидей бітімге шақыратын медиаторлық қызметте де бұл аға-апаларымыз шаңырағы шайқалтқалы тұрған қаншама жерлеріңізін пәтуаластырып, алғысын алып, ауыл ішінің тентегін «тек» деп тыйып, тәртіпке, татулыққа, өзара ынтымаққа тәрбиелеуде маған зор көмегін тигізгенін ешқашан ұмытпаймын.

Ұжымның жүйке-жұланы, негізгі уығы оның әлеуеті мықты мамандары екендігі белгілі. Осы ретте Жәнібек аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы болған полиция подполковнигі Еркін Қуанышқалиев, оның орынбасары болған полиция подполковнигі Берік Төлеуов, аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция бөлімшесінің бастығы қызметін атқарған полиция подполковнигі Ернар Сұлтанғалиев, полиция полковнигі Манарбек Қаташев, полиция подполковнигері Асқар Әбдірахманов, Данияр Рақышев, Тимур Мамытов, қазіргі күні Жәнібек аудандық полиция бөлімінің басшысы қызметіндегі полиция подполковнигі Айшуақ Сейітқазиев, Жәнібек аудандық полиция бөлімі басшысының орынбасары, полиция майоры Мейрамхан Бапаховтың бойындағы адалдық, терең жауапкершілік, қызметіне деген құрмет сезімін өзіме үлгі етемін, олардан жұмыс барысында үйренгенім, зор тәжірибесінен түйгенім көп.

«ТӘРТІПКЕ БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ, ТӘРТІПСІЗ ЕЛ БОЛМАЙДЫ»

Жалпы қылмыс түрлері ауылда мал және пәтер ұрлығы мен даламыздың сәніне айналған кербез киікті атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, көлікті иесінің рұқсатынсыз айдап кету, иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу фактілері бойынша тіркелетіндіктен қылмыстың алдын алу бағытында жұмыстар атқарылады. Күнделікті қызметімізде тәртіп сақшыларының әбжілдігі мен сауаттылығының, қырағылығының арқасында зардабы еске алуға да қорқынышты жағдайлардың алды алынып, жолы кесіліп жатады. Шыдамдылықты, уақытпен санаспауды, берген антыңа адалдықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін, мүлт кетуге тіркелетін мамандықты таңдағаным еш өкінішім жоқ. «Адамдық борышың – халқыңа қызмет қылу» деп ұғанам. Қауіпті әрі жауапты қызметте абыройым кіршіксіз болса деймін.

ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦЕЙ

«Боларыңда болып өт, боз жорғадай желіп өт, Боларыңды білмесең, болған ердің қосын жек» деген, полиция қызметкері халықтың бел ортасында жүретіндіктен абырой биігінен түспеу парыз. Адалдық пен темірдей тәртіп Замир Амантайұлының өмірінің басты мұраты. «Халыққа жақын полиция» қағидатымен қоғаммен тығыз серіктестікте өнімді еңбек етіп жүрген Замир Амантайұлының еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, қызметтік борышын және қойылған міндеттерді мінсіз орындағаны үшін Қазақстан полициясының 25 жылдығына орай БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі М. Абисатовтың, БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры М. Аблазимовтың атынан Грамотамен марапатталды. 2020 жылы қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені үшін АПБ-нің бастығы, полиция полковнигі М. Қаташевтің атынан Грамота табысталып, Жәнібек ауданының әкімі А. Сафималиевтің Алғыс хатына ие болды. ҚР Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығы бойынша «Халық алғысы» мерекелік медалімен наградталса, 2021 жылы өңірдің құқық қорғау саласындағы, қоғамдық тәртіпті қадағалаудағы мінсіз қызметі үшін БҚО әкімі Ф. Есқалиевтың атынан Алғыс хатқа ие болды.

Он бір жыл Жәнібек ауданында абыройлы қызмет атқарған Замир Амантайұлы Сандуғаш атты арумен бас қосып, төрт қыз тәрбиелеп отыр. Биылғы жылдың шілде айында Орал қаласы Полиция басқармасының қабылдап-тарату орнының кезекші инспекторы қызметіне ауысты.

«Қиындық деген қамал бар, қайсарлар жарып өтетін. Еңбек деген бақыт бар, ерінбеген жететін» демекші, халықтан әркез алғыс арқалаған Замир Берденовтың алар асуы алда.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей
бөлімінің меңгерушісі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ӘРТҮРЛІ

19. «Шик К» ЖШС (БСН 120440021457) өзінің «Orda Construction Co.» ЖШС-не (БСН 060240022157) қосылуы арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 9 үй, н.п.11.

20. «Orda Construction Co.» ЖШС (БСН 060240022157) өзіне «Шик К» ЖШС-нің (БСН 120440021457) қосып алу арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, «Комсомольский» тұрғын үй алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1 үй, н.п.1.

24. «Горно-металлургический концерн ALTYN MM» ЖШС, БСН 060740002785, өзіне «Горнорудное предприятие BAURGOLD» еншілес ЖШС-н, БСН 980940000877, қосып алу арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Секисовка ауылы, Новостроевская көшесі, 10. Тел.: 87233127920.

25. «Горнорудное предприятие BAURGOLD» еншілес ЖШС-н, БСН 980940000877, өзінің «Горно-металлургический концерн ALTYN MM» ЖШС-не, БСН 060740002785, қосылуы арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Секисовка ауылы, Новостроевская көшесі, 10. Тел.: 87233127920.

26. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

27. «МФО AliKarInvest» ЖШС (БСН 221240010011) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған 23.01.2023 жылы берілген №10.23.0001.М лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, О.Шипин көшесі, 176 үй, 45 пәтер, пошта индексі 110006.

28. «МФО «Карфин» ЖШС (БСН 200440005978) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Александр Затаевич көшесі, 81/4 үй, 37 пәтер, пошта индексі 100000.

22. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес, өзінің қатысушыларына Серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының күн тәртібі: Серіктестіктің 2022 жылдың қаржылық есептілігін бекіту туралы; Таза табысты анықтау туралы; Өтетін орны мен уақыты: 13 қазан 2023 жыл, 11 сағат 00 минут, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-бабында белгіленген тәртіп бойынша өтеді. Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының күн тәртібіндегі қаралған материалдарымыз мына мекенжайда танысуға болады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Тел.: 87273936990.

23. «Орал механикалық зауыты» ЖШС атқарушы органы, БСН 060340009897, «Орал механикалық зауыты» ЖШС қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыс өткізу күн тәртібін хабарлайды: 1. «Орал механикалық зауыты» ЖШС жарғысын жаңа басылымда бекіту; 2. «Орал механикалық зауыты» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы үлесі бар «Оралзапчаст» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорының ЖШС-нің меншік құқығының тоқтатылуына байланысты «Орал механикалық зауыты» ЖШС қатысушылар құрамының өзгеруі; 3. «Орал механикалық зауыты» ЖШС қатысушыларына «ҚРБК Оралзапчаст» ЖШС-нің шығып қалған қатысушыларының үлесін тарату. Жиналыс ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңының 28, 42, 43, 45, 48-баптарына сәйкес өткізіледі. Жиналыс БКО, Орал қ., Н.Назарбаев д.215 мекенжайы бойынша 2023 жылғы 9 қазанда сағат 10:00-ге тағайындалды.

БАНКРОТТЫҚ

15. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 5.09.2023 жылы ұйғарымы бойынша «Ланди» ЖШС-не БСН 190740001179 банкроттық туралы іс қозғалды.

21. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 45-бабына сәйкес, өзінің қатысушыларына Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі: 1. «ForteBank» АҚ алдындағы қарыз/кредиттік желі бойынша «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкі – Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302 мекенжайында орналасқан кадастрлық нөмірі 03:05:012:527 жер телімін үстіндегі ғимараттарымен қоса «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы. 2. «ForteBank» АҚ алдындағы қарыз/кредиттік желі бойынша «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкі – Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі мен Спартак көшесінің қиылысы мекенжайында орналасқан кадастрлық нөмірі 03:05:010:720 жер телімін үстіндегі ғимараттарымен қоса «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы. 3. «ForteBank» АҚ алдындағы қарыз/кредиттік желі бойынша «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкі – Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302А мекенжайында орналасқан кадастрлық нөмірі 03:05:012:529 жер телімін үстіндегі ғимараттарымен қоса «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы. 4. «ForteBank» АҚ алдындағы қарыз/кредиттік желі бойынша «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкі – Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Набережная көшесі, 17 мекенжайында орналасқан кадастрлық нөмірі 03:046:048:1542 жер телімін үстіндегі ғимараттарымен қоса «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы. 5. «ForteBank» АҚ алдындағы қарыз/кредиттік желі бойынша «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін «ForteBank» АҚ-на ынтымақты жауапкершілікті қабылдаған кепілдік беру туралы. 6. «ForteBank» АҚ-ның «МУ-НАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің қарзы алу келісім-шарты бойынша барлық қарыз сомасын кез келген валютада акцентсіз тәртіппен алуға (есептен шығару) келісімін беруі. 7. Кепілдік шартына және мүлкі кепілге қою шартына қол қою өкілеттілігін беру туралы. 8. Серіктестіктің жарғысын жаңа басылымда бекіту. 9. Серіктестіктің бақылау кеңесінің құрамын (мүшелерін) сайлау туралы. Өтетін орны мен уақыты: 10 қазан 2023 жыл, 11 сағат 00 минут, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-бабында белгіленген тәртіп бойынша өтеді. Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің материалдарымыз мына мекенжайда танысуға болады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Тел.: 87273936990.

ТАРАТУ

2. «Қошар» ЖШС (БСН 081240000201) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, СҚО, Фабит Мүсірепов атындағы аудан, Новошим ауылы, Зерновая көшесі, 31 үй, 1 кеңсе.

3. «Ақмола Ақниет» қоғамдық қоры (БСН 220440029843) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

4. «ИСА» ЖШС, БСН 980440001718 (Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 ықшамаудан, 8А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Шығыс-2» ықшамауданы, 227 үй. Тел.: 87775993403.

5. «МФО Credit Line» ЖШС, БСН 220140023156, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағынаудан, 4 үй, 6 пәтер. Тел.: 87789091931.

6. «Ecowood» ЖШС, БСН 181140012054, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Алматы ауданы, Темірбек Жүргенов көшесі, 28/1 үй, 201 пәтер, индекс 1010010. Тел.: 87078555896.

7. «Асылбек – 2020» Ауыл шаруашылығы кооперативі (БСН 200540009766), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Дихан ауылы, Ордабасы көшесі, 3 үй, Тел.: +77471901999.

8. «Алакөл балығы» ЖШС, БСН 160440018137, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қамысқала ауылы, Қиыбаев көшесі, 23 үй, Тел.: 87770552295.

9. «Ансар-Кандыағаш» Зерттеулер мен жобалау орталығы» ҚБ, БСН 160340005518, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, Степная көшесі, 9А үй, 2 пәтер. Тел.: 87057671991.

10. «Батен» ҚБ, БСН 161040016065 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, Қалыбаев көшесі, 25А үй. Тел.: 87711676843.

11. «ZIGMAR GROUP» ЖШС, БСН 230740023070, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 204 үй. Тел.: +77083813186.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zangazet@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zangazet@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.



ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874



12. «Табиғат-Ана» ЖШС, БСН 220740030170, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, «Жаңа» ықшамауданы, Абай көшесі, 88/2 үй, 16 пәтер.

13. «КАМКОР 7» ЖШС, БСН 18080022084, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қонаев қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 36 үй. Тел.: +7777556907.

14. «Real Stuff» ЖШС, БСН 130640015095, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Шардара ауданы, А.Сапарбаев көшесі, 19\1 үй, Тел.: 87078087097.

МҰРАҒЕРЛІК

16. 05.03.2023 ж. қайтыс болған Куттумуратов Амирхан Бисенбековичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С. Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел.: 87052700001.

17. 13.04.2023 ж. қайтыс болған аз.Тәжібаев Разақ Битанұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғалардың жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы. Тел.: 87014743502.

18. 2023 жылы 17 мамырда қайтыс болған азамат Досмұханов Зинопла Есенұлының артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард-3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zangazet@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ – Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/WhatsApp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (712) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилья Татьяна Ивановна. Шамкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8(7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. ал-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибеева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Таряна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы №66 санды)

Хамит куәлігін көрсетіп, өзінің полиция қызметкері екенін айтты да:

— Маған Сырлыбай керек. Бір нәрсе сұрайын деп ем. Сіз қобалжымаңыз, басқа жұмысым жоқ, — деді келіншектің көзіндегі үрейді байқап.

— Ол жұмыста. Әскери комиссариатта.

— Қазір телефон соғыңыз, тілдесіп кетейін.

Келіншек үйден телефонын алып шығып, сол арада күйеуінің нөмірін терді де, құлағына апарды. «Сырлыбай, мен ғой... үйге бір кісі кеп тұр, сені сұрайды, сөйлесші» деп, тұтқаны Хамитқа ұсынды.

Сырлыбаймен сөйлесіп тұрып телефон дисплейіндегі нөмірді жадына тоқып алды. Жарты сағатта жолығатын боп келіскен соң әйелмен жылы қоштасқан Хамит сыртқа беттеді. Сырлыбай айтқан «Астра» кафесіне уақытында жетті. Мұны көрген жігіт:

— Тыныштық па? — деді әбіржіп.

— Тыныштық, — деді Хамит. — Сәке, сені айыпты қылайын деп келгем жоқ, — Бір ғана сұрақ бар. Досқалиев Бақытжан деген інің ба?

— Немере болып келеді.

— Сол інің бір қылмыс бойынша күдікті боп тұр. Саған келген екен. Сен оған жұмыс тауып беріпсің. Соның қайда екенін айтсаң болды.

— Ол енді... былай ғой...

— Ол ерте ме, кеш пе ұсталады. Сол кезде оны жасырғаны үшін кінәлі бола-сың. Құрығанда қызметіңнен айырыла-сың. Сенде басқа жұқ жоқ.

— Жарайды, мен оның жатқан жерін көрсетем. Бірақ өзің алып кетесің. Қызметі үлкен бір кісінің үйінде ит бағады. Алабай иттер ғой. Біреудің сілтеуімен апарып ем. Анда-санда хабарласады, бірақ көп араласым жоқ. Оның қылмыс жасағанын мен қайдан білем?— деді Сырлыбай. — Айт дедің, айттым. Енді мені мазаламайтын шығарсың?

— Саған залалым жоқ. Оған мен кепіл. Тұрып жатқан жерін көрсет. Болды.

Кафеден шыққан соң Сырлыбайдың машинасымен «Он үшінші магистраль» деген шағын ауданға кеп тізгін тартты. Оң жақта екі қабатты зәңкіген үй тұр. Сырты түйе бойы тас қорған. Үй алдында ұзынша тағы бір үй. Ол да қымбат қызыл кірпішпен қаланыпты.

— Міне, осында тұрады, — деп Сырлыбай ұзынша үйді нұсқады.

— Ал, Сәке, көрсетіп көрсеттің. Бірақ полиция іздеп келгенін оған айтпауың керек.

— Иә, айтпаймын ғой.

— Саған қалай сенем?

— Өзімді, отбасымды дауға қалдырып қайтем? Айтқаныңды орындадым, енді мені мазалама. Бірақ, жаңа айттым, бұл мықты адамның үйі, байқа, өзің күйіп кетпе, — деді Сырлыбай.

— Ескертуіңе рақмет! Бірақ ол бұл үйде болмай шықса қайтем. Сөзіңе жауап бересің бе?

— Онда қазір-ақ біліп берейін. Біраз болды хабарласпағаныма, — деді де телефонның ақтарып, оған қонырау жіберді.

«Әл-лө, — деген дауыс естілді. Сырлыбай телефонның дауысын шығарып қойған екен. — Қалайсыз? Бәрі жақсы ма?»

«Әтлішіні, — деді Сырлыбай. — Итке үйрендің ба?»

«Үйреніп атырмын. Сол иттің біреуі болсам ғой деп армандап қоям!» деп күлді. «Иә онда жақсы. Рөлде едім ғой. Жәй амандық білген!»

«Жақсы, братан!»

Сырлыбай телефонды сөндіріп: — Үйде екен. Өзі естідің, — деді Сырлыбай әбіржүлі кейіппен.

— Болды, бауырым, рақмет, сен қолдан келгенді істедің. Уайымдама! Сенің атың аталмайды. Мені жаңағы жерге апарып таста.

Сырлыбай Хамитты пәтеріне әкеліп тастады да, өз жөнімен кетті. Хамит екінші қабаттағы пәтеріне келді. «Таңғы тәтті ұйқының кезі дұрыс болар, адам аяғы саябыр. Ешкім көшеге шыға қоймас, атыс бола қалса да басқаларға зияным тимейді» — деп ойлады. Сағат алтыларда барып, үстінен баспақшы болды. Оған дейін біраз уақыт бар. Сыртқы көстемін шешіп, орындықтың басына ілді. Партупейін ажыратып, тапаншасын жастығының астына қойды да, көз шырымын алмаққа жастыққа қисайды...

Таңғы сағат бесте көшеге шықты. Шақырып қойған таксиге отырып, кешегі зәңкіген үйге кетпей түсіп қалды да, одан әрі жаяу кетті. Міне, кешегі үй. Дарбазасының өзі керемет екен. Аттылы

адамның бойындай-ау. Кідіруге уақыт қайда, жеткен бойда қоңырау түймесін басты. Сәлден соң тырп-тырп басқан аяқ дыбысы естілді.

— Әй, бұ кім-әй, таң атпай! — деп келіп қақпаны ашты. Бойы бір тұтам қария кісі екен. — Құлқын сәріде тыныштық бермей... кімсің өзің?

— Ассалаумағалейкүм, аға! Мен полициядан едім, — деп Хамит куәлігін көрсетті. — Капитан Хамит Сымайлов. Осында бір жігіттер бар екен, жолықсам бола ма?

Қария бұған ежірейе қарады да: — Стоять! Мальчик, ты куда прешь, а?! Кто ты такой, ну что угрозыска?! Сен өзін қайда келіп тұрғаныңды білемісің?— деп зекіді.

— Аға, мазалағаныма кешіріңіз, жұмыс бабы солай. Осында тұратын бір жұмысшымен бір-екі ауыз тілдесем болды, — деді Хамит қарияны сабырға шақырып.

болу керек. Екеуім әріптеспіз, саған бір өтініш, бұларды бұл жерден алдық деп айтпай-ақ қой, басқа жерден ұстадық дерсің, — деді.

— Жарайды, аға. — Онда келістік, жақсы, егер көмек керек болса жергілікті полицияға хабарласа беріңіз. Қажетті көмек көрсетеді, жарайды інім, жолың болсын...

Досқалиев Бақытжанның істі мойнына алар түрі көрінбейді. Дәлел, айғақ, куә жоқ. Тергеуші Бектемір Есқазиевтің де шарасы таусылған сыңайлы.

— Тергеуші мырза мені де, өзінді де босқа қинама. Менің сен айттып отырған қылмысқа қатысым жоқ, — деді Бақытжан тергеудің алғашқы күні-ақ айылын жимай.

— Қатысың болмаса тіпті жақсы. Алдымен сұраққа жауап бер. Сен биылғы,

БАНДЫНЫ ҚУҒАН

ХАМИТ



— Ты, сопляк, слушай, бір бала верховный сотта, бір бала генпрокуратурада, бір бала МВД-да, так что аулақ жүр... пока погоны на плечах.

Бұлар өстіп тұрғанда ұзынша үйден бір бала шықты. Шамасы дәретханаға беттеді-ау, үйді айналып кетті. Осылай тұра берсе кеш қалатынын түсініп, қарияның байбаламын елемей:

— Аға, інім еді, ең болмаса бір ауыз тілдесейін, — деп, есікті керіп, көлденең ұстап тұрған қолының астынан сымп беріп, ішке кірді де, жаңа біреу шыққан есікке тура тартты. Кіріп барса, төрт-бес жігіт ұйықтап жатыр.

— Бақытжан! — деп дауысын көтере сөйледі. — Бақытжан! Тұр кәне!

Біреу жамылғысын серпіп ашып, «а-а-а» деп, басын көтерді. Кім келгенін ұқпай кіржие қарады. Хамит бірден таныды. Фотосы қалтасында жүргелі қаш-шан.

— Шық бері!

Бақытжан көрпені лақтырып тастап, есікке ұмтылды. Хамит жанынан өте берген оны өзінің үйреншікті әдісімен иек астынан жеңіл ғана періп кеп жіберді. Анау шалқалап барып, артында тұрған ас ішетін үстел, шкафтарға соғыла құлады. Үстел үстіндегі кесе-шәйнекер, тәрелке, қасықтар салдырлап, жерге түсті. Осы кезде оған бір аттап жетіп, қолына кісен салып үлгерді. Сосын барып тіл қатты.

— Таңғы сағат бесте адам жайдан-жай жүретін бе еді, бір үйдің ойранын шығарып, «Жай ма?» деп сұрайсың тағы, — деді де куәлігін көрсетті. — Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімі, жедел іздеу бөлімінің уәкілі, капитан Хамит Сымайлов. Сені тұтқындауға прокурордың санкциясы бар. Қашам деп әуре болма, онда жағдайың мүлде қиындайды.

Хамит оны жығып салып, желкеден тізemen басты да, полицияға телефон соқты: «Маған жедел көмек керек» деп, мекенжайды айтты. Сөйтті де, Бақытжанды лақша өңгеріп сыртқа алып шықты. Сиренасы жарқылдап полиция да жеткен екен. Осы кезде терезелері де, өзі де қап-қара дүңкіген дәу машина дарбазға тақалып кеп денім басты. Іштен орта бойлы, жасы қырықтың үстіне шыққан жігіт ағасы түсіп, бұларға беттеді. Жергілікті полиция қызметкерлері оны көре сала, қолдарын шекесіне қадап, сымдай тартылып, жорғалай жөнелді. «Е-е, қарияның дөкей баласының бірі болды ғой» деп ойлаған Хамит куәлігін көрсетіп, жағдайды қысқаша баяндады.

— Мына қылмыскер осы жерден табылды. Тұтқындауға прокурордың санкциясы бар.

— Інім, түсінем. Бұл сенің жұмысың ғой. Мына жер шумный боп кетті-ау, жүр былайырақ шығайық, — деп Хамитты аулаққа қарай ікмедді.

Осы кезде бұлардың жанына қария жетіп келіп:

— Осы бала, тәртіпсіз, мені тіпті тыңдайтын емес. Бұндай боқмұрындарды басындырма...

Жігіт ағасы қарияның сөзін үзіп жіберді.

— Папа, бұл олардың қызметі... өзім сөйлесем... қазір.

Аулағырақ шыққасын, Хамиттың қолтығынан алып.

— Інім, мен бәрін түсінемін, сіздердің жұмыстарыңыз. Опер деген осындай

— Кәне, қай сандық? — деді Хамит далбаса үмітпен сандықты көргісі кеп.

— Міне, мынау, — деп, жатын бөлмеде тұрған ескі сандықты көрсетті. Үстіне жүк жиналған екен. — Осыны ақтарған ғой.

Хамит өз анасының да ақшаны сандыққа салып, сақтайтынын есіне алды. Әжесі де сөйтетін. Соны ойлаған ол сандықтың әшекей қаңылтырына киімнің жібі ілініп қалмады ма екен деген оймен смартфонның жарығын жағып қабырғаға тақалған қуысына көз жүгіртті. Жоқ, ондай ештеңе байқалмайды. Шаң бөгіп қалыпты. Еденде ағарып жатқан әлдебір қағазға көзі түскені сол кез. Шетінен шымшып ұстап, алып қараса, алақандай фото. Жас қыздың суреті. «Сүп-сүйкімді екен, — деп еріксіз ойлап, бір сәт қарап қалыпты. — Жас қыздардың бәрі сүйкімді» деді сосын іштей. Сыртына «На память Миржану. ЖенПИ. 3 курс. Турсу-

салынған қыздың фамилиясы Серікқалиева екені анықталды. Қазір Алматы облысы, Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласында тұрады екен.

Хамит хабарды алған бойда бастыққа кірді.

— Полковник мырза, Тұрсынайды анықтадым. Серікқалиева екен. Координаттары белгілі. Мейіржанның кім екенін сол қыз ғана айта алады.

Полковник оған бір сәт сынай қарап тұрды да:

— Расында... мынау ойланалы жағдай екен, логикаң дұрыс. Ту-у, Алматыдағы қыздың фотосы біздің жақта неғып жүр? Бірақ Алматының қызына Жалағаштың жігіті қырындамасын деген заң жоқ. Барсаң бар!

Сол күні-ақ жолға шықты. Тамылжыған мамыр айы. Алматыға барғанша вогонның терезесінен жап-жасыл далаға қарады да жатты. «Ой, мына

жерге қой баққан рақат шығар» деп ойлап қойды. Алматыға жеткен соң, такси ұстап, Үштөбеге тартты. Ұзын бойлы, кең иықты, қайратты шашын артқа қайырып, қалың қара қасты, ашаң жүзді, қыр мұрынды жігітке әркім-ақ бұрылып тұрып, сүйсіне қарайтындай.

Тұрсынай жұмыс істейтін мектепті біреу сілтеді. Үш қабатты үлкен мектеп екен. Мектептің кіреберісіндегі күзетшімен сәлемдесіп:

— Маған Серікқалиева Тұрсынай деген мұғалім қарындас керек еді, қалай жолықсам болады, шақырып берсеңіз жақсы болар еді, — деді.

— А-а, Тұрсынай ма? Қазір ол сабақта шығар. Қазір көрейін. Кім шақырды дейін?

— Туысқан ағасы едім...

Күзетші қасындағы телефон тұтқасын алып, бір нөмірді терді де:

— Тұрсынай Серікқалиеваға келіп тұр. Айтыңызшы төменге түссін. Туысқан ағасы екен, — деді.

Сәлден соң оң жақтағы баспалдақтан үстінде ақ кофта, қызыл юбка киген, аққұба өңді, қиылған қара қасты, ат-жақты, қара шашын қаре қылып қиған жас келіншек түсіп келе жатты. Хамит бұның Тұрсынай екенін білді, суреттегі түрінен өзгермеген. Сол әдемі қалпы.

Ол өзін шақырған жігіт Хамит екенін сезді ме, жақын келіп, «қай туысқанымсың» дегендей жәудірей қарады.

— Саламатсыз ба? Сіз бе шақырған? — деді сосын.

— Иә, мен едім шақыртқан. Сәлем! Былайырақ барып сөйлесейік.

Екеуі мектептің алдындағы көлеңкеге қойылған арқалы орындыққа барып отырды.

— Айып етпеңіз, туысқаным деп шақыртқаным. Мен полиция қызметкерімін, — деп куәлігін алып көрсетті Хамит.

Бейтаныс жігіт осылай дегенде келіншектің көзінен үрей байқалды. Сонда да сыр білдіргісі келмеді ме, жымиып қойып:

— Полиция іздеп келетіндей бүлдірген ештеңем жоқ сияқты еді. Әлде оқушыларға байланысты ма? — деді.

— Жоқ, Тұрсынай, қорықпаңыз, сізге қатысы жоқ. Тек мынадай мәселе, — деп Хамит тес қалтасынан умаждалған фотоны алып ұсынды.

— Мына суретті білесіз бе? — деп сұрады.

Тұрсынай суретті қолына алып: — Менің суретім ғой, — деді жүзі жадырлап. Бұл қайдан жұр?

— Сыртын қараншысы, — деді Хамит. Тұрсынай суреттің сыртын қарады да, аққұба жүзі қабарып сала берді. Кеңілі пәсейіп қалды. Әдемі ерніне үйірілген жымиыс та жым-жылас.

— Миржан деген кім? Тұрсынай, әлденеге шүйіле қарап, үнсіз отыр.

— Неге үндемейсіз? Бұл жігіт полицияның іздеуінде. Оны сіз ғана білесіз. Сондықтан біз сізден айырылмаймыз. Ол кім? Қазір қайда? Шындықты айтыңыз! Бізге көмектесіңіз! Сосын сізді мазаламаймыз.

— Мен шындықты айтуын айтам ғой. Бірақ көмектесе алмаймын, — деді Тұрсынай. — Себебі біздің жолымыз әлдеқашан айырылған. Ол өз жолымен кетті, мен өз жолыммен... Екеуім бірге оқыдық. Мен ЖенПИ-де, ол СХИ-да. Қапшағайдың жігіті. Менен екі жас ұлкен. Оқу бітірген соң үйленеміз деп жүргенде бір жағдайлар болды... сонымен арамыз үзілді.

Тұрақ АДІСҰЛЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА

Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Түркістан облысы, Батыс Қазақстан облысы) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансая Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадиар Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов).

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үйі. Қабылдау белмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5596 дана Апталық таралым 11 192 дана Тапсырыс №133 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген кәтелігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31